

Ә Л Е М Д І К
С А Я С А Т Т А Н У
А Н Т О Л О Г И Я С Ы



“КАЗАКСТАН”



**МЕМЛЕКЕТТІК “МӘДЕНИ МҰРА”
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ
ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**

***“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын
жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңес мүшелері:***

ӘШІМБАЕВ М.С., *төраға*
АСҚАРОВ Ә.А., *жауапты хатшы*

Қоғамдық кеңестің мүшелері:

АБДРАХМАНОВ С.А.
АЯҒАН Б.Ғ.
ӘБУСЕЙТОВА М.Қ.
ӘЖІҒАЛИ С.Е.
ӘЛІМБАЙ Н.
ӘУЕЗОВ М.М.
БАЙПАҚОВ К.М.
БИЕКЕНОВ К.Ү.
БҰРХАНОВ К.Н.
ДОСЖАН А.Д.
ЕРТІСБАЕВ Е.Қ.
ЕСІМ Ғ.
ҚАСҚАБАСОВ С.А.
ҚОШАНОВ А.
НЫСАНБАЕВ Ә.Н.
САЛҒАРА Қ.
САМАШЕВ З.
САРИЕВА Р.Х.
СЕЙДІМБЕК А.С.
СҰЛТАНОВ Қ.С.
ТҰЯҚБАЕВ Қ.Қ.
ТҮЙМЕБАЕВ Ж.Қ.
ХҰСАЙЫНОВ К.Ш.
ШАЙМЕРДЕН Е.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІ

Мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасы

**ӘЛЕМДІК
САЯСАТТАНУ
АНТОЛОГИЯСЫ**

8-ТОМ

Алматы
“Қазақстан”
2007

ББК 66.3 (5 Каз)
Ә 52

Ә 52 “Әлемдік саясаттану антологиясы”. 10 томдық. “Мәдени мұра” бағдарламасы. Алматы:– ЖШС “Қазақстан” баспа үйі”, 2007 ж. – Т 8. 536 бет.

ISBN 9965-10-065-9

Ә $\frac{0801000000 - 12}{00(05) - 07}$

ББК 66.3 (5 Каз)

ISBN 9965-10-065-9
ISBN 9965-10-033-0

© ЖШС “Қазақстан” баспа үйі” – Аударма және безендіру


ИБ №120

Басуға қол қойылды 29.12.07. Пішімі 84x108 1/32.
Қаріп түрі “Таймс”. Қағазы офсеттік. Басылым офсеттік.
Есепті баспа табағы 33,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 1494.

ЖШС “Қазақстан” баспа үйі”
Алматы қаласы,
Прокофьев к-сі, 226/1.
Тел./факс (727) 241-25-47.



ЖШС РПБК “Дәуір”, 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 269-40-35, 242-47-69, 242-07-90.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru



“Әлемдік саясаттану антологиясы” он томдығының түпнұсқа мәтінін құрастырған Мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасының “Саясаттану” секциясы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖАҒАПАН

Секция құрамы

1. **ӘШІМБАЕВ Мәулен Сағатханұлы** – Секция жетекшісі, саясат ғылымының кандидаты, 10-томды құрастырушы.
2. **БАЙДІЛДАНОВ Лайық Әмірұлы** – философия ғылымының докторы, 5-томды құрастырушы.
3. **БЕЛГІБАЕВ Серік Талғатұлы** – ҚР Президент жанындағы ҚСЗИ-ның әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, 4, 5-томдарды құрастырушы.
4. **ИВАТОВА Ләйла Мырзалықызы** – саясат ғылымының докторы, 1, 2, 3, 8-томдарды құрастырушы.
5. **КӨШКІМБАЕВ Санат Қайырсіләмұлы** – саясат ғылымының кандидаты, 7, 9-томдарды құрастырушы.
6. **ЛАУМУЛИН Мұрат Тұрарұлы** – саясат ғылымының докторы, 8-томды құрастырушы.
7. **ТАСТЕНОВ Әлішер Жақсыбекұлы** – ҚР Президент жанындағы ҚСЗИ-ның аға ғылыми қызметкері, 10-томды құрастырушы.
8. **ШОМАНОВ Асқар Жұмабайұлы** – философия ғылымының кандидаты, 6, 9-томдарды құрастырушы.

Түпнұсқа мәтінінің қазақшаға аударылып, редакциялануын басқарған “Қазақстан” баспа үйі” мойынсерігінің директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері **Нұрмахан ОРАЗБЕК**.

Аударма сарапшысы – филология ғылымының докторы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты **Жұмағали ЫСМАҒҰЛОВ**.

Томға енген еңбектерді (Р. Арон шығармасынан басқа) қазақшалаған **Ғосман ТӨЛЕҒҰЛҰЛЫ**.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ	7	
К. ХАУСХОФЕР	ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ МӨНІНДЕГІ ШЕКАРАЛАР ... 19	
Х. Дж. МАКИНДЕР	ТАРИХТЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КІНДІ ... 76	
А. Дж. ТОЙНБИ	ТАРИХТЫ ҰҒЫНУ	94
Р. АРОН	ХАЛЫҚТАР АРАСЫНДАҒЫ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН СОҒЫС	133
Г. МОРГЕНТАУ	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ	176
П. САВИЦКИЙ	ЕУРАЗИЯЛЫҚТЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ.....	184
М. А. КАПЛАН	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТТАҒЫ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС	193
Г. А. КИССИНДЖЕР	ДИПЛОМАТИЯ	212
С. СТЕНДЖ	САЯСИ ЭКОНОМИЯ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ... ..	269
С. ХАНТИНГТОН	ӨРКЕНИЯТТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ МА?	294
	ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ БОЛАШАҒЫ... ..	326
З. БЖЕЗИНСКИЙ	ҰЛЫ ШАХМАТ ТАҚТАСЫ	342
Б. ХЭДЛИ	АНАРХИЯЛЫҚ ҚОҒАМ: ӘЛЕМДІК... ..	395
Дж. Б. ЭЛЬСТАЙН	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ САЯСИ ТЕОРИЯ	400
Э. ТИКНЕР	ҚАУІПСІЗДІК ПРОБЛЕМАЛАРЫН ОЙ ЕЛЕГІНЕН... ..	418
Р. Б. Дж. УОКЕР	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ САЯСИ ӨМІР	444
К. БРАУН	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСИ ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ДҮИЕЖҮЗІЛІК	467
Р. ДЖЕКСОН	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ТЕОРИЯСЫ	488
Ф. ФУКУЯМА	ТАРИХТЫҢ СОҢЫ МА?	509

АЛҒЫСӨЗ

XX ғасыр да, оның ғылыми жетістіктері де тарих қойнауына жөнелді. Артқа көз сала отырып, өткен жүзжылдықтың қорытындыларын, көп жағынан шартты түрде болса да, шығара беруге болады. XX ғасырды “атом ғасыры”, ғылыми-техникалық, одан соң ақпараттық революциялар дәуірі деп атадық. Оның үстіне, бұл жүзжылдық ғаламдық саяси және қоғамдық алапаттар, дүниежүзілік соғыстар, қиян-кескі әлеуметтік революциялар, империялардың ыдырауы және ғылыми-техникалық прогрестегі революциялық шапшаң ілгерілеу ғасыры болды.

XX ғасырдағы адамзат өміріндегі осы бір алағай да бұлағай өзгерістер бір-біріне ықпал ете отырып, саяси-әлеуметтік және философиялық ойда бейнеленді. Осыған орай “Әлемдік саясаттану антологиясының” оқырмандар назарына ұсынылып отырған сегізінші томы болып жатқан процестерді әртүрлі пәндер тұрғысынан түсіндіруге тырысқан өткен ғасыр ойшылдарына арналған. Оларды біріктіретін нәрсе, осы зерттеушілер өздерінің саясаттанушылық һәм философиялық талдауларында қоғамның саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістерінің халықаралық қатынастар мен дүниежүзілік саясатқа ықпалын бірінші орынға қояды.

XX жүзжылдықты геосаясат ғасыры деп те атауға әбден болады. Расында да адамзат баласы тарихында басқа ғасырлардың ешқайсысы дәл осы жүзжылдықтағыдай геосаясат ықпалын бастан өткерген жоқ. Сондықтан XX ғасыр ғылым ретінде де, саясаткерлер іске асырған нақты сыртқы саяси доктриналар ретінде де геосаясат белгісімен өтті деп кесіп айтуымызға болады. Нақты саясатқа өзінің ықпалы жағынан геосаясатпен әлеуметтік-саяси һәм философиялық докторина ретінде марксизм ғана таласа алады.

“Әлемдік саясаттану антологиясының” осы томы XX ғасырдағы негізгі геосаясаттық тұжырымдамалар мен олардың авторлары К. Хаусхофер, Х. Маккиндер, З. Бжезинский, Г. Киссинджер, С. Хантингтон және де өз еңбектері арқылы ғаламдық һәм геосаяси ауқымдағы өзгерістерді белгілі бір дәрежеде қозғаған немесе түсіндіруге тырысқан А. Тойнби, Г. Моргентау, Ф. Фукуяма, Р. Арон сияқты ойшылдар мен философтарға арналып отыр.

Саяси ой мен саяси географияның, әлеуметтанудың, экономиканың, этнологияның, тарихтың және ғылыми білімнің басқа салаларының жетістігін синтездеген геосаясаттың ғылыми пән ретінде қалыптасуы ХХ ғасыр басында неміс және ағылшын геосаясат мектебінің көрнекті екі өкілі – К. Хаусхофер мен Х. Маккиндер есімдеріне байланысты.

Ұзақ уақыт бойына тек “жалған ғылым” ғана емес, сонымен қатар “адамды жек көретін”, “фашистік”, “жалмауыз” теория ретінде қаралып келгендігі үшін де геосаясат көп жағынан К. Хаусхоферге қарыздар. Хаусхофердің өмірінде оның нацистермен жақындасуы жазмыштық рөл атқарды. Өзінің шәкірті Р. Гесс арқылы ол Гитлермен танысты. Хаусхофер Гитлердің атышулы “Майн Кампф” кітабының геосаяси категорияларға арналған тұстарын жазысуға атсалысты дейтін пікір де бар. Бірақ тұжырымдамалық талдау Хаусхофердің геосаяси көзқарасы мен Гитлердің қарадүрсін нәсілшілдік насихатшылық пайымдауларының арасындағы елеулі айырмашылықты көрсетеді..

Рацель, Чеплен, Маккиндер, Видадь де Бланш, Мэхем және басқа геосаясаткерлер еңбектерін Хаусхофер үңіле зерттейді. Планетарлық дуализм картинасы: “теңіз күштері” “континенттік күштерге қарсы” немесе талассократияның (теңіз арқылы билік жүргізу) теллурократияға (“құрлық арқылы билік жүргізу”) қарсылығы ол үшін халықаралық саясаттың барлық құпияларын ашатын кілтке айналды.

Хаусхоферге сәйкес, “Теңіз күштері” мен “Құрлық күштері” сияқты планетарлық дуализм Германияны геосаяси жағынан өзін-өзі қайсысына жатқызу проблемасының алдына қойды. Хаусхофер де, сөз жоқ, қатарында болған ұлттық идея жақтастары, неміс мемлекетінің саяси қуатын арттыруға ұмтылды, бұл индустриялық дамуды, мәдени өрлеу және геосаяси экспансияны көздеді. Бірақ Германияның Еуропа Кіндігіндегі жағдайы, кеңістіктік және мәдени “Ортадағы жағдайы” оны батыс теңіз державалары — Англияның, Францияның, одан әрі АҚШ-тың табиғи қарсыласына айналдыратын еді.

Хаусхофер ұлттық Ұлы Германияның болашағы Батысқа, әсіресе ол өзі іс жүзінде “Теңіз күшіне” балаған ағылшын-саксон әлеміне геосаяси текетіресте деп білді. Міне, Карл Хаусхофер мен оның ізбасарларының бүкіл геосаяси доктринасы осыған негізделген. Бұл доктрина “континенттік блок” немесе Берлин–Москва–Токио белдеуін құру қажеттігін көздейді. Мұндай блокта ешқандай да кездейсоқтық жоқ болатын; бұл осындай еуразиялық бірліктің пайда болуын ең үлкен қауіп санайтынын жасырмаған қарсы лагерьдің стратегиясына бірден-бір толық та тең тұрғыдағы жауап еді.

Ұлтшыл-социалистік нәсілшілдік Хаусхофер түсінігіндегі геосаясат пошымымен тікелей кереғар болмайтын. Хаусхофер біршама дәрежеде нақты саяси проблемаларды шешуге қатысқандықтан, ол өз теориясын саяси нақтылыққа қарай икемдеуге мәжбүр болды. Берлин–Рим–Токио белдеуінің құрылуын неміс ғалымы толық мәнді еуразия блогын орнатудың алғашқы қадамы ретінде көрсетуге тырысып, сырттай құттықтаған болатын. Бірақ ол геосаясаткер һәм өз елінің патриоты ретінде өзі армандаған шын мәніндегі “континенттік блокқа” карикатура екендігін түсінбеуі мүмкін емес еді.

Геосаясаттың тағы бір белгілі идеологы Х. Маккиндер дүниенің саяси тарихын тәпсірлеудің ең батыл да революциялық схемасын ұсынды. Оның ең алғашқы тұжырымдамалық ұсынысы 1904 жылы “География журналында” жарияланған “Тарихтың географиялық белдеуі” аталатын баяндамасы еді. Осында ол тарих пен географияны көруінің кейіннен өзі дамыта түскен негізін баяндаған болатын. Маккиндердің бұл мәтінін осы пән тарихындағы ең басты геосаяси мәтін деп санауға әбден болады, өйткені онда саяси география дамуының бұрынғы барша бағдары қорытылып қана қоймайды, осы ғылымның негізгі заңы да тұжырымдалады.

Маккиндер кез-келген мемлекет үшін ең тиімді географиялық жағдай орта, кіндіктік жағдай болар еді дейді. Кіндіктік дегеніңіз салыстырмалы ұғым, және әрбір нақты географиялық тінде ол құбылып отыра алады. Бірақ планетарлық тұрғыдан алып қарағанда, әлемнің кіндігінде Еуразия континенті, ал оның кіндігінде “әлем жүрегі” (Heartland) жатыр. Ол Еуразияның континенттік бұқарасының шоғырланған жері. Ол бүкіл әлемді қадағалап отыру үшін ең қолайлы географиялық плацдарм.

Heartland – неғұрлым жалпылама тінде Әлемдік Арал шегіндегі өзекті аумақ. Әлемдік Аралға Маккиндер үш континентті – Азияны, Африканы, Еуропаны жатқызады. Осылайша, Маккиндер планетарлық кеңістікті кіндігі ортақ шеңберлер жүйесі арқылы иерархиялайды. Оның ең кіндігінде – “тарихтың географиялық арысы”. Осынау геосаяси ұғым географиялық тұрғыдан Ресей/Еуразия ұғымымен парапар. Одан әрі ішкі немесе шеткергі жарты ай келеді. Бұл еуразиялық континенттің жағалау бойындағы кеңістігімен сәйкес келетін белдеу. Маккиндерге сәйкес, “ішкі жарты ай” өркенияттың ең қауырт дамыған аймағы болып табылады.

Бұл тезис өркеният әу баста өзендер мен теңіздер жағаларында пайда болды деген тарихи гипотезаға сәйкес келеді. Айта кету керек, осы теория барша геосаяси конструкциялардың елеулі сәті болып табылады. Судағы және құрғақтағы кеңістіктердің тоғысатын тұсы барлық халықтар мен мемлекеттер тарихының негізгі

факторы болып табылады. Бұл тақырыпты кейіннен Шмитт пен Спикмэн арнайы дамытады, алайда осынау геосаяси формуланы бірінші болып енгізген нақ Маккиндер.

Бір сипатты нәрсе, Маккиндер тек теориялық гипотезалар жасап қана қойған жоқ, “ақтар қозғалысына” халықаралық Антанта қолдауын ұйымдастыруға да белсене араласты, бұл қозғалысты ол герман жағындағы пиғылда болған еуразияшыл-большевиктердің қуатын әлсіретуге бағытталған атлантикалық тенденция деп санады. Жарты ғасырдан соң АҚШ пен Солтүстік Атлантика Одағының (НАТО) геосаясатына айналған негізгі тенденцияны: еуразиялық блоктың құрылуының мүмкіндігінің өзіне, Ресей мен Германия стратегиялық одағын құруға, континенттік блоктың геосаясаттық тұрғыдан күшеюі мен оның экспансиясына кез-келген тәсілмен кедергі жасау тенденциясын ағылшын-саксон саясатына енгізген де нақ осы Маккиндер.

Маккиндер теориясы дәстүрлі ағылшын-саксон геосаясат мектебінің қалыптасуына орасан зор ықпал етті және сол тұжырымдаманы жүзеге асырған (әлі де жүзеге асырып келе жатқан) тұтас бір ізбасарлар қатарын өмірге әкелді. Шын мәнісінде, НАТО-ның пайда болуы көп жағынан Маккиндер мен оның ізбасары адмирал Мэхэн теориясының жемісі, бұл теория осы заманғы американ саяси элитасының геосаяси көзқарастарының қалыптасуына орасан зор ықпал етті. Бұл көзқарастар шоғырландырылған түрінде З. Бжезинскийдің еңбектерінде өз жалғасын тапты.

Американ атлантикалық геосаясатының академиялық тәжірибені саясатпен ұштастырған ең белгілі өкілдері – Г. Киссинджер мен З. Бжезинский.

Генри Киссинджер американ саясаткерлерінің жай ғана ақсақалдарының бірі емес, сондай-ақ американ сыртқы саясатының “ақсақалы”, ХХ ғасырдағы ең ықпалды мемлекет қайраткерлерінің бірі деп саналады.

Киссинджер бұрынғы Кеңес Одағымен қатынастағы шиеленісті бәсеңдету саясатының “атасы” деп саналады. Көп жағынан нақ соның күш-жігерінің арқасында 1972 жылғы мамырда Никсонның Мәскеуге алғашқы сапары және стратегиялық қару-жарақты шектеу туралы шарттардың тұтас бір сериясына қол қойылуы мүмкін болды.

Г. Киссинджердің жұмыстары тұжырымдамалық сипатта болып келеді және әлемдегі халықаралық қатынастар ахуалы американ ұлттық мүдделері мен алдағы онжылдықтардағы АҚШ сыртқы саясатының міндеттері тұрғысынан талданады. Киссинджердің еңбектерін теориядан гөрі көбірек дәрежеде нақты саяси жұмыстарға жатқызуға болады. Американ саясаткері, әдетте халықаралық қа-

тынастар жүйесін американ сыртқы саясатының нақты мақсаттары мен қарекеттеріне сүйеніп қарастырады.

Осылайша, геосаясат теоретигі болмай-ақ, Г.Киссинджер АҚШ-тың геосаяси мүдделерін практикалық мағынада қорғауға үлкен үлес қосады. Сондай-ақ, атап өту керек, Г. Киссинджер АҚШ пен Ресейдің жақындасуының жақтасы және өзекті халықаралық проблемалар бойынша екі мемлекеттің позициялары елеулі түрде сәйкес келеді деп санайды.

Збигнев Бжезинский аса көрнекті геосаясат теоретигі ретінде де, өз идеяларын іс жүзіне асыра білген практик-саясаткер ретінде де бірдей белгілі. Кезінде ғаламат халықаралық резонанс туғызған оның ең белгілі еңбегі – “Ұлы шахмат тақтасы: Американың артықшылығы және оның геостратегиялық императивтері” (1997 жыл) кітабы, бұл томға сол кітаптан үзінділер енгізіліп отыр. Аталмыш еңбек өзінің айдан анық саяси тапсырыстан туғанына қарамастан, дау жоқ, осы заманғы геосаясат жөніндегі ең тамаша еңбектердің бірі болып табылады.

З. Бжезинскийдің айтуынша, Еуразия – “Ұлы шахмат тақтасы”, ондағы “бірден-бір шынайы әрі ең соңғы астамдержава” – Америка Құрама Штаттары өзінің әлемдік артықшылығын сақтап қалу үшін өз партиясын ойнатуға тиіс. Бұл аталмыш кітапқа өзек болған идеяның темірқазығы. Бжезинский кітабының тарихта орын алып, континенттік және әлемдік үстемдіктен дәметкен бұрынғы-соңғы империяларды талдауға арналған тарихи бөлімі ғылыми-тарихтық тұрғыдан оның эссесінің ең сәтті бөлімдерінің бірі болып табылады.

Өзінің кітабында З. Бжезинский Американы бүкіл Еуразияға қатысты кешенді, жан-жақты әрі ұзақ мерзімді стратегияны талдап әзірлеуге шақырады. АҚШ пен оның әлемдік үстемдігінің болашақ тағдыры соған байланысты. Автордың пікірі бойынша, таяудағы отыз жыл ішінде осы заманғы дүниеде АҚШ үстемдігіне ешкім де таласа алмайды. Сөз жоқ, АҚШ-тың бүгінгі дүниедегі ықпалы бұрынғы қай кездегіден де мықты, бірақ АҚШ экономикалық һәм әскери тұрғыдан алып қарағанда соғыстан кейінгі жылдардағыдай позицияға ие болып отырған жоқ. Шебер есептелген геостратегия мен тактика іске қосылып отыр. Іс жүзінде, НАТО кеңейтілгеннен кейін және әсіресе Югославиядағы оқиғалардан кейін біз З. Бжезинский нұсқауларының іске асырылуына тап болып отырмыз.

З. Бжезинскийдің барлық жұмыстарына өзек болып отырған бір ғана идея Американың әлемдегі геосаяси басымдығы. Осылайша, ол тек теоретик қана емес, ұсыныстарын бір немесе басқа дәрежеде американ стратегиялық истеблишменті қаруланатын практик ре-

тінде де көрінеді. З. Бжезинскийдің АҚШ геосаяси стратегиясын қалыптастыруға ықпалы әлі күнге айтарлықтай.

Халықаралық қатынастардағы саяси реализм теориясының негізін қалаушы Ганс Моргентау болып табылады. Оны “нақты саясат” мектебінің қанағатшыл қанаты дейтіннің өкілдеріне жатқызады. Оның “Ұлттар арасындағы саяси қатынас: өкімет пен бейбітшілік жолындағы күрес” (1948) деп аталатын кітабы халықаралық қатынастар теориясындағы шын мәнінде классикалық еңбекке айналды. Бұл кітапта 1940-1950 жылдарда халықаралық аренада орын алған елеулі өзгерістер бейнеленді.

Г. Моргентаудың сыртқы дүние мен оларды реттейтін заңдылықтарды көруі үш постулатқа негізделеді: халықаралық қарым-қатынастардың негізгі субъектісі өзінің мүдделерін күш категориялары (яғни, олар ие болып отырған қуаттан туындайды) арқылы білдіретін ұлттық мемлекет болып табылады; мұның салдары халықаралық қатынастарды ілгерілететін ішкі серіппесі мемлекеттердің сыртқы ортада өз ықпалын барынша арттыра беру жолындағы күресі болып табылады; оның ең оңтайлы ахуалы халықаралық (аймақтық) күш тепе-теңдігі, ол орын алып отырған мемлекеттер мен олардың коалицияларының күшінен асып түсетін ұлттық немесе коалициялық қуаттың пайда болуынан сақтандырады, бұған күштер балансы саясатымен қол жетеді (саналы немесе бейсана түрде).

Г. Моргентау өзінің жұмысымен дербес ғылыми сала ретінде халықаралық қатынастардың егжей-тегжейлі талдап әзірленген теориясының негізін қалады. Саяси реализм теориясының негізгі қағидалар (билік үшін күрес ретіндегі халықаралық саясат туралы, мемлекеттердің ұлттық мүдделерінің үйлеспеуі және, демек, халықаралық ортаның жанжалдылығы туралы) практик-саясаткерлер үшін де көкейтесті болып шықты.

Саяси идеялар тарихы, Моргентаудың пікірі бойынша, адамның, қоғамның және саясаттың табиғатына екі түрлі көзқарастың күресі. Олардың бірінің өкілдері ұтымды және сонымен бір мезгілде моральдық принциптерге негізделген саяси тәртіптің мүмкін екендігіне сүйенеді. Олар адам табиғатының әу бастан жақсылықтан өрбитініне және білім беру мен реформалар жолымен қоғамды жетілдіре түсу мүмкіндігіне сенеді. Екінші көзқарастың – саяси реализм тұжырымдамасының жақтастары дүние әлі мінсіз емес деп санайды. Ұтымды негізделген саяси тәртіп жасау үшін, жетіліп болмаған адам табиғатын ескеру қажет.

Осы заманғы дүниеге мүдделер қайшылығы тән. Демек, барша плюралистік қоғамдардың тіршілік ету принциптері мүдделер балансына, тежеу мен қарама-қарсы салмақ жүйесіне негізделген.

Саяси реализмнің екінші принципі – билік пен күш-қуат терминдерінде түсінілетін ұлттық мүдделер принципі. Ұлттық мүдделер тұжырымдамасы халықаралық саясатты экономика, дін, этностық қатынастар сияқты салалардан салыстырмалы тәуелсіз өріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Саяси реализмнің үшінші принципі мынада: саяси реализм халықаралық қатынастар теориясын екі түрлі адасудан – саяси қарекет негізінде жатқан сарындар мен ниеттерді зерттеуден, сондай-ақ халықаралық қатынастар субъектілерінің идеологиялық артықшылықтарын зерттеуден құтқарады. Саяси реализмнің төртінші принципі ұлттық мүдделерді серпінді түсінумен байланысты. Саяси реализм доктринасына сәйкес жалпы адамзатқа ортақ әмбебап моральдық принциптер мемлекет қарекеттеріне баға беруге қолданыла алмайды.

Г. Моргентау саяси реализм мен басқа да теориялық мектептер арасында үлкен айырма бар екенін атап өтеді. Саяси реализм халықаралық қатынастарға жария және моралистік көзқарастармен сыйыспайды. Осылайша, Моргентау халықаралық саясат теориясының негізінде саяси тәртіп заңдары жатыр, олардың тамырын адам табиғатының өзінен іздеу керек деген ойды негіздейді. Мұндай амалды қолданғанда билік идеясы мүдде ұғымында шоғырланады, ол “күш” терминінің көмегімен анықталған “мүдде тұжырымдамасы” мемлекеттің ішкі де, сыртқы да саясатының мәнісін анықтауға мүмкіндік берді. Сондықтан, Моргентаудың пікірі бойынша, мүдде кез-келген, тіпті барынша тартымды абстрактылы идеялардан үстем тұруы керек.

Идеологиясыздандыру тұжырымдамасы авторларының бірі – Раймон Арон. Онда ғылыми көзқарас идеологиялық, тапсырыстық амалдың баламасы ретінде көрінеді. Ғалым ретіндегі Р. Аронның әлуеті және оның ғылыми зерттеулерінің ауқымы оның еңбектерін Ж. П. Сартр, А. Тойнби, П. Сорокин, Ф. Хайек, Д. Гэлбрейт, Л. Альтюссер және басқалар сияқты ХХ ғасырдың аса көрнекті әлеуметтанушылары кітаптары санатына қосты.

Р. Арон шығармашылығында оның “Халықтар арасындағы бейбітшілік және соғыс” деп аталатын заманалық кітабы айрықша орын алады. Ол “халықаралық қатынастар әлеуметтануын” дербес ғылыми пән деп жариялады. Соның нәтижесінде жеті жылдан кейін жоғарыда аталған кітап дүниеге келді. Оның мақсатын автор саяси жағынан ұйымдасқан қоғамдастықтардың жасырын логикасын түсіну деп белгіледі. Кітап жеке-жеке төрт бөлімнен тұрады: Теория (тұжырымдар мен жүйелер); Әлеуметтану (детерминанттар мен заңдылықтар); Тарих (термоядролық қару кезеңіндегі әлемдік жүйе); Праксикология (дипломатиялық-стратегиялық қарекет

салтының қайшылықтары). Кітап мәтініндегі бірегей фактылар мен статикалық мағлұматтар ұшан-теңіз.

Мұның үстіне Р. Арон – индустриялық қоғам теориясын жасаушылардың бірі, бұл орайда ол өркениеттің осы заманғы даму белесінде қоғамның біртұтас тұрпаты (біртұтас индустриялық қоғам) жасалады, оның әрқилы модификациясы – батыстық (демократиялық) және кеңестік (тоталитарлық) модельдері бар деп біледі. Индустриялық өркениеттің жанжалдарын ол индустриялық қоғамның талаптары (қатаң иерархияландыру орталықтандыру, тәртіп) мен демократия мұраттары (бостандық, теңдік) арасындағы коллизиядан көреді. Осынау бір-біріне қарсы екі тенденцияның арасындағы текетірес индустриялық қоғамды тұрақсыздыққа бұйырады. Аронның бірқатар еңбектері тарих философиясы мен футурологияға, халықаралық қатынастардың теориялық проблемаларына арналған. Ол ден қойған тақырыптар арасында демократия, саяси бостандық проблемалары, осы заманғы саяси режимдердің типологиясы, саяси жүйелердің салыстырмалы талдауы бар.

Арнольд Джозеф Тойнби бірін-бірі алмастырып жататын локалды өркениеттердің шыр көбелек айналуы теориясын ұсынды, олардың дамуының қозғаушы күші тарихтың әрқилы сынақтарына жауап бере алатын “жасампаз элита” деп санады. А. Тойнби (Шпенглер секілді) адамзат тарихында өркениеттер мен мәдениеттер циклдарын бөліп алды және “сұрақ-жауап логикасын” мәдени-тарихи “кұрылым – талап – жауап” тұжырымдамасына дейін дамытты. Бұл тарихи құбылыстың мәністік сипаттамасын анықтап алудағы жаңа кезең болды, өйткені бұл арада тарихи емес индивидуалдық-психологиялық, жаратылыстық-ғылыми ой мектептері анықтап алуға тырысқан жай ғана статикалық қарама-қарсылық, табиғи шиеленіс қана емес, диалектикалық тұрғыдан түсінілген шиеленісте анық көрінеді.

А. Тойнби өз әдісінің негізінде жиырмадан астам мәдениетті немесе жоғары сатыдағы өркениетті бөліп алды, олардың әрқайсысы нақты тарихи жауапқа, тарих көлденең тартқан сұраққа, ол қойған міндеттерге адамдар қайтарған жауапқа негізделген. Мысалға, Египет (Мысыр) жағдайында қиындық Ніл дариясы алқабының табиғи өзіндік ерекшелігінде, дарияға адалдықта, жау басқыншылығының тұрақты қатерінде. Ніл дариясы алқабы кеңістігін игеру мен ұйымдастыру, сыртқы, варварлық ықпалдан қорғану және осыған негізделген Египет өркениеті, құдайларға құлшылығы, әулеттер, пирамидалар және қасиетті өнер бар өркениет көлденең тартылған қиындыққа қайтарылған нақты жауап болатын.

А. Тойнбидің “Дүние және Батыс” (1953) атты зерттеуі ғылым дүниесінде қиян-кескі сын мен айтыс-тартыс туғызды. Тойнби

біздің дәуіріміздегі Батысты басқа барлық дүниеге қарсы қойылған жеке категория ретінде бөліп алды. Батыс оған агрессор болып көрінді, ол төрт жарым ғасыр бойы өзінің индустриялық-техникалық экспансиясын негізгі төрт бағытта: Ресей, ислам әлемі, Үндістан мен Шығыс Азия бағытында жүзеге асырды. Тойнби үшін бұл агрессияның христиандық дәстүр нормаларынан босанған техника арқылы жүзеге асырылғандығы өте маңызды болып көрінеді. Бүгінгі Шығыстың өзі техниканы кеңінен пайдалана бастау фактысы Тойнби үшін оның Батыстан өзін-өзі белсене қорғауы болып табылады. Коммунистік Қазан революциясының мағынасы, Тойнбиге сәйкес, Шығыстың христиан дінінен бостан еуропалық техникамен қарулана бастауында. Бұл техниканы Тойнби “XVI ғасырдың аяғына қарай бөлініп кеткен еуропа мәдениетінің бір сынығы” деп атайды.

Самюэль Хантингтон өзінің “Өркениеттер қақтығысы ма?” деп аталатын белгілі еңбегінде әлуетті жеті өркениеттің: славяндық-православиелік, конфуцийлік (қытайлық), жапондық, исламдық, үндістік, латынамерикалық және, бәлкі, африкалық өркениеттердің геосаяси тұрғыдан тіркелгенін атап көрсетеді. Осынау әлуетті өркениеттер тіпті де бірдей емес. Бірақ бәріне ортақ бір жағдай, олардың даму және қалыптасу векторы атлантизм мен Батыс өркениеті траекториясынан өзгеше бағытта бағдарланған. Сөйтіп Батыс тағы да текетірес ахуалына душар болады. С. Хантингтон бұл іс жүзінде сөзсіз болатын нәрсе деп санайды.

1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында Балқанды, Кавказды, Орта және Таяу Шығысты қамтитын ұлан-ғайыр кеңістіктегі жанжалдардың өршуін бақылай отырып, Хантингтон адамзат жаңа дәуірдің басталуына таяп қалды, оның мәнісі әрқилы өркениеттік модельдер қақтығысы болып табылады деген қорытындыға келеді.

Оларды идентификациялау үшін С. Хантингтон тарихи, діни, мәдени-саяси һәм географиялық өлшемдерді пайдаланады. Егер дәрекі пошымда бұл автордың логикасына жүгінер болсақ, тарихтың алғы шебіне негізгі үш өркениеттің: бір жағынан христиандық (еуро-атлантикалық) өркениеттің ислам өркениетімен, екінші жағынан христиандық өркениет пен конфуцийлік (Азия-Тынық мұхит) өркениеттің текетіресі шығады. Олар еуро-атлантикалық және еуразиялық (православиелік) өркениеттер текетіресінің орнына келеді. Хантингтон бүгін таңда өркениеттік қақтығыс болып жатқан текетірес белдеуін нобайлайды: бұл Балқан түбегі, Кавказ, Түркия, Орталық Азия, Алжир, Солтүстік Үндістан, Шыңжан. Осылайша, Хантингтонға сәйкес, Батысқа қарсы шығып отырған негізгі күш ислам дүниесі, алайда онда әскери-саяси блок

немесе экономикалық одақ түріндегі индустрияландырылған пошым жоқ, мұның өзі оның қарсылығын әу бастан сәтсіздікке бұйырады.

С. Хантингтонның “Өркениеттер қақтығысы ма?” атты кітабының негізгі идеясы мынада: континенттік күштердің соңғы тірегі болған КСРО-ның құлауымен бүкіл планетада атлантизм геосаясатының көзге ұрып тұрған жеңісі іс жүзінде нақты болмыстың қыртысын ғана қоғайды. НАТО-ның идеологиялық хаттау қоса жүрген стратегиялық табысы, басты бәсекелес коммунистік идеологиядан бас тарту өркениеттік терең қатпарларды қамтымайды. Ф. Фукуямаға кереғар С. Хантингтон мынаны кесіп айтады: стратегиялық жеңіс өркениеттік жеңіс емес; Либерал демократия, базар секілді батыстық идеология, уақытша ғана баламасыз қалды, өйткені көп ұзамай батыстық емес халықтардың өркениеттік және геосаяси ерекшеліктері көріне бастайды.

Хантингтонның ұсыныстары мынаған саяды: Батыс өзінің өркениеті шеңберінде, әсіресе оның еуропалық және солтүстік америкалық бөлігінде неғұрлым тығыз ынтымақтастық пен бірлесуді қамтамасыз етуі керек; Шығыс Еуропа мен Латын Америкасындағы мәдениет батысқа жақын қоғамдарды Батыс өркениетіне кіріктіру; Жапониямен және Ресеймен неғұрлым тығыз қатынасты қамтамасыз ету; өркениеттер арасындағы локалдық жанжалдардың ғаламдық соғысқа айналып кетуіне жол бермеу; конфуцийлік және исламдық мемлекеттердің әскери экспансиясын шектеу; батыстың әскери қуатын кемітуді доғара тұрып, Қиыр Шығыс пен Оңтүстік-Батыс Азияда әскери артықшылықты қамтамасыз ету; исламды және конфуцийлік елдердің өзара қатынасындағы қиыншылықтар мен жанжалдарды пайдалану; басқа өркениеттердегі батыс құндылықтары мен мүдделеріне бағдарланатын топтарды қолдап отыру; батыс құндылықтары мен мүдделерін бейнелейтін және оларды заңдастыратын халықаралық институттарды күшейтіп, батыстық емес мемлекеттердің осы институттарға тартылуын қамтамасыз ету керек.

Геосаясат тұрғысынан бұл Мэхен мен Спикменнің принциптерін дәл ұстану деген сөз, және де Хантингтонның аса маңызды геосаяси фактор ретінде мәдениет пен өркениеттік айырмашылықтарға баса ден қоюы, оның геосаясаттың классикалық мектебіне жанасатынын көрсетеді. Батыстың ең ықтимал қарсыласы ретінде Хантингтон Қытай мен ислам елдерін көрсетеді. Неоатлантзмнің басқа өкілдерінен өзгеше, Хантингтон басты қатерді тіпті де Ресей-Еуразияның геосаяси түлеуінен, немесе басқа бір жаңа еуразиялық континенттік түзілімнен көрмейді.

1990-шы жылдардың басындағы саяси һәм философиялық ойда американ саясаттанушысы Френсис Фукуяманың “Тарихтың соңы

ма?” (1990) атты жұмысы үлкен резонанс тудырды, ол Қытай мен КСРО-да базар экономикасы мен демократия жағына қарай жасалған амалсыз әрі ауқымды өзгерістерге байланысты тарихтың соңы деп жариялады. Оның эссесінің басты тезисі мынадай: Батыста қалыптасқан экономикалық һәм саяси модельге балама жоқ, және аса ірі коммунистік алыптар – КСРО мен Қытай жасағаны секілді, бүкіл адамзат соны өздеріне икемдеуі керек. Осылайша, адамзат әрқилы саяси һәм экономикалық модельдердің бәсекесіне құрылған саяси тарихының ақырына жетті, ал мұның өзі, Ф. Фукуяяmanın пікірі бойынша, тарихтың да ақыры деген сөз.

Іс жүзінде, Ф. Фукуяяmanın тұжырымдамасы мондиализмнің кеңестік дәуірден кейінгі жаңа нұсқасы болды. Ол тарихи процестің төмендегідей нұсқасын ұсынады. Адамзат қаратүнек “күш заңы”, “надандық” және “әлеуметтік нақты болмысқа ұтымсыз басшылық” дәуірінен капитализмде, осы заманғы батыс өркениетінде, базар экономикасында және либералдық-демократиялық идеологияда бейнеленген барынша парасатты да қисынды құрылысқа қарай жылжып отырды. Тарих пен оның дамуы тек ұтымсыз факторлар есебінен жалғасып, олар парасат заңына, барлық құндылықтардың ақшалай эквивалентіне және тағы басқаларға аздап қана орын беріп отырды. КСРО-ның құлауы “иррационализмнің” соңғы қорғанының құлауы болды. Тарихтың аяқталып, дүниені ұтымды қызмет ететін үйлесімді машинаға біріктіретін Базар мен Демократия ұранымен өтетін ерекше тіршіліктің басталуы осыған байланысты. Дүниенің барлық аймақтары жаңа моделі бойынша, оның неғұрлым экономикалық дамыған орталықтарының төңірегінде қайта ұйымдастырылатын болады.

Ф. Фукуяяма жаһандандудың бір маңызды аспекті бар, ол оның баршаны қамтитын техникалық сипатынан туындайды деген тұжырым жасайды. Телефон, факс, радио, теледидар және интернет секілді коммуникация құралдары планетаның барлық түкпірлерін тұтас етіп біріктіреді. Сайып келгенде, осының бәрі индивидуумға көбірек бостандық, сол арқылы көбірек билік, көбірек индивидуалдық мүмкіндіктер береді. Ол өз төл тұжырымдамасының іргелі қателігі деп жаратылыстану ғылымында шек болмайтыны фактысын санауды ұсынады, өйткені тарихи процесті ілгері жылжытатын ғылым.

Ф. Фукуяяма Француз революциясы заманынан бері әрқилы идеологиялар өзінің алдына жаңа адамды жасау арқылы адам табиғатының шекарасын еңсеруді мақсат етіп қойып келгенін атап өтеді. Сол идеологияларға сәйкес, жаңа адам өткеннің шектеулері мен соқыр сенімдерінен бостан болуға тиіс. ХХ ғасырдың соңында осынау эксперименттің күйреуі адамзатқа әлеуметтік конструкти-

визмнің шет-шегін көрсетіп берді. Сол арқылы, деген байлам жасайды Фукуяма, “табиғат және табиғат құдайы” секілді өзінен-өзі белгілі ақиқат негізіндегі либералдық, базарды бағдар еткен тәртіптің тарихи дұрыстығы қуатталады. Әлеуметтік конструктивизмнің ХХ ғасырда пайдаланылған құралдары, қарабайыр әлеуметтендіру мен психоталдаудан бастап, үгіт-насихатпен және концлагерьлермен аяқталатын құралдары адам табиғатының жаратылыстық субстратын шындап өзгерту үшін тым дөрекі болды.

Алайда осы заманғы жаратылыстану ғылымдары, ең алдымен биотехнологиялар, келешек ұрпақтар қолына социумның бұрынғы конструкторлары жасай алмаған аспаптар беруге мүмкіндік туғызады деген парадоксты қорытындыға келеді Фукуяма. Міне сол сәтте, деп түйіндейді американ саясаттанушысы, біз адамзат тарихының ақырына анық жақындайтын боламыз, өйткені бұрынғы адами мәніс жойылады. Міне сонда жаңа, “адамзаттан кейінгі” тарих басталады.

Хедли Булл 1966 жылдың қаңтарында Лондон экономика мектебінде жасаған “Халықаралық қатынастар теориясы: классикалық көзқарас үлгісі” деген баяндамасымен “екінші ұлы пікірталас” дейтінді бастап берді. Х. Булл халықаралық қатынастар туралы ғылымдағы ағылшын мектебіне жататын, бұл мектеп халықаралық жүйені негізінен салыстырмалы біртұтас “қоғам” ретінде талдады, онда оған мүше мемлекеттер тәртібінің бірдей нормалары үстемдік етеді. Өзінің “Анархиялық қоғам: әлемдік саясаттағы тәртіпті зерттеу” деп аталатын ең елеулі еңбегінде ол бір жағынан саяси реализмге, екінші жағынан, кейінірек 1990-жылдары халықаралық қарым-қатынастар туралы ғылымда кеңінен тарай бастаған конструктивтік бағытқа жақын, алайда екеуіне де дөп келмейтін көзқарастарды да білдіреді.

Қазіргі кезде халықаралық қатынастар теориясын талдап әзірлеуге осы саладағы ағылшын ғалымдары және неғұрлым кең тінде ағылшын-саксон саясаттанушының өкілдері үлес қосуда.

Жалпы алғанда, осы заманғы батыс саясаттануына ірі геосаяси тұжырымдамалардың жоқтығы тән: соңғы зерттеулер, геосаясат классиктері, соның ішінде көзі тірілері де, баяндаған бұрынғы амалдарды толықтырып, жаңғыртады. Ал негізгі мазмұнға келетін болсақ, осы заманғы геосаясатта неоатлантикалық мектеп өкілдері басым. Және оқырмандарға ұсынылып отырған “Әлемдік саясаттану антологиясының” сегізінші томы осы заманғы геосаяси теориялардың дамуының осынау тенденцияларын бейнелеуге арналған.

*Мемлекеттік “Мәдени мұра”
бағдарламасының “саясаттану”
секциясы.*

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ МӘНІНДЕГІ ШЕКАРАЛАР

(1869-1946) – Мюнхенде профессор отбасында туган. Ол кәсіби әскери қызметкер болуға бел буып, армияда жиырма жылдан аса офицерлік қызмет атқарған. 1908-1910 жылдары Жапонияда және Маньчжурияда герман әскери атташесі болып қызмет істеген.

Денсаулығының нашарлауы Хаусхоферді әскери мансаптан қол үзуге мәжбүр етеді де, 1911 жылы ол Германияға қайта оралып, өмірінің аяғына дейін сонда тұрды. Мюнхен университетінде докторлық дәрежеге ие болғаннан кейін таза ғылыммен шұғылданды. Осы уақыттан бастап Хаусхофердің жалпы геосаясатқа, оның ішінде Тынық мұхит өңірінің геосаясатына арналған кітаптары бұйелі түрде жарық көріп бастырды. Оның алғашқы кітабы Жапонияның геосаясатына арналған “Дай Нихон” атты еңбегі. Геосаясаттың көп уақыт бойы жай ғана “жалған ғылым” ретінде емес, “адам баласын жек көрушілік, фашистік, жалмауыздық теориясы” ретінде қарастырылып келуіне осы Карл Хаусхофердің есімімен байланысты.

Гитлер ұйымдастырған бүлік сәтсіздікке ұшырап, оның өзі түрмеге қамалғаннан кейін Хаусхофер өзінің шәкірті Рудольф Гесс арқылы онымен танысады. Хаусхофер 1924 жылдан бастап, 20 жыл бойы орасан зор халықаралық мәнге ие

КІРІСПЕ

Шекаралардың қысымы мен кеңістіктің таршылығы құрсауда қалған Ішкі Еуропаның (Innereuropa) тынысын тарылтып тұр. Шекараларды олардың географиялық һәм саяси мәнінде әділ зерттеуге назар аудартуды мақсат еткен бұл кітап ең алдымен сол таршылықта өмір сүріп жатқандарға, сондай-ақ жүгенсіз бөлшектеудің салдарынан бөлініп, қиратылған адамзат тұрып жатқан кеңістікті табиғи байланыстылығында берік те орнықты қалпына келтіруге байыпты атсалысып жүргендердің бәріне бағышталған.

Бұл алдымен Ішкі Еуропаға қатысты, өйткені Жер бетінің басқа ешқандай жерінде шекара жүргізгенде ғылыми ойлайтын ғасыр мен ғылымға жат, ашкөздік және әділетсіз қарекеттердің арасындағы қарама-қайшылық соншалық өткір байқалмайды. Барлық тілдерде адамзаттың жарқын болашағы туралы соншалық көп жазылған ғасырлар тоғысында біреу-міреу небары екі онжылдық өтпей жатып мемлекет марқасқалары, ғылыми ака-

болған "Geopolitik", кейіннен "Zeitschrift für Geopolitik" деп аталған, өте маңызды геосаяси журнал шығарып тұрды. Өзінің көптеген дүниелерін оған осы журналда жариялады.

Хаусхофердің нацизммен қарым-қатынасы күрделі болды. 1936 жылға дейін оған деген көзқарас оң болса (бұл жерде әсіресе оның жас досы Гесстің ықпалы мол еді), 1944 жылғы Гитлерге жасалған қастандыққа қатысы бар деген айыппен ұлы Альбрехт өлтірілген соң, тіпті "халық жауына" айналды.

Карл Хаусхофер әйелі Марта екеуі 1946 жылы өздерін өздері өлтірді.

демиялар мен қоғамдардың мүшелері, ірі кеңістік категорияларында ойлайтындай болып көрінген халық көшбасшылары мемлекеттер мен халықтардың шекараларын үлкен қалалар мен олардың су айдайтын мұнаралары, газ фабрикалары арқылы жүргізуге, жұмысшылар мен олардың көмір шахталарының арасында шек орнатуға, бірдей ойлайтын, сезінетін және сөйлейтін адамдардың арасында көрінген жерде кедергілер тұрғызуға дайын болады деп санай алатын ба еді.

Осындай көрсоқырлық жегідей жеген Еуропаның (Abendland)¹ күні қараң болатынына нақ осы сәуегейлік бізді оның өз тұрғындары мән-мағынасыз шекаралар мен демаркациялық сызықтар арқылы сол қаратүнек түнді ықтимал жеделдету тұрғысынан не істегендігін барынша қатаң түсіндіруге мәжбүр етеді.

"Қараңғылықты түйсінбеген адам жарық іздемейді".²

Бірақ, егер біз білім шамшырағын жоғары көтерсек, онда сөзуарлықтан тоқылған жамылғысы сыпырылып түсетін шынайы нәрселер өзінің бүкіл күлкілі парықсыздығымен мен мұндалап тұрады.

Географиялық және саяси тұрғыдан жырмышталған және өмірлік қажетті құрылымдары майып болған, тыныс тарықтар өмірлік кеңістіктегі тіршілік пошымның адам төзгісіз шекаралары бар Ішкі Еуропа – осынау (ахуал) ғасырдың және мәдени ортаның түсінігімен қаншалық сұмдық қарамақайшылықта десеңізші, ал оған Шпенглер³ өлшеусіз, шексіз өмірге лейтмотив ретінде Фаустқа⁴ тән өмірге құштарлық таңбасын беріп еді ғой.

Еуропаның ымырты үйіріле бастағаны жөніндегі осынау айыптаудың нақ жүз миллион халықтың рухани ортасынан неліктен шыққандығы түсінікті, сол халық бақытымызға ма, әлде сорымызға ма, мінез-құлықтың Фаустқа тән белгісін бәрінен анық бейнелеп, соны жер бетіндегі халықтар ара-

сында тарата бастады, мұны ол өзі тыныстайтын кеңістікте адам төзгісіз шектен тыс тарылған кезде, сондықтан ХХ ғасырда бірінші болып халқы тым көбейіп кеткен жерде адамзатқа шекараларға мұқтаждық пайда бола бастағанын жан-тәнімен сезінген кезде істеді.

Нақ неміс халқының бойында шекара сезімін тәрбиелеу үшін осынау сұмдық қасіретті бастан кешіру, шекараларды олардың ерікті либералдандырылуы жағдайында бейбіт жолмен қалпына келтіруге немесе оларды қопарып тастауға итермелейтін шиеленіс, – Ғаламның шексіздігі мұраты, кеңістікке немқұрайды, “ұлттан тыс” өзін-өзі түсінуге бойлаған адам мұраты мен Жер бетінің ұлы халқы, өзінің ерікті дамуында кеңістікпен бәрінен көп жанышталған халықтың нақты өмірінің арасындағы шиеленіс нақ сол халыққа қажет пе еді?

Осынау шиеленіс Фауст рухы бойына сіңген халықтың жүзеге асыруға болатын барлық рухани мақсаттарға жеткендігінен ғана, адамзатқа ұғымдар мен сол ұғымдардың анықтамаларын сыйлағандықтан – бірақ тек парасатты шекараның дұрыс шамасы мен сенімді пошымында сыйламағандықтан, өйткені оны қалай табу керектігін өзі де білмегендіктен, мүмкін болмады ма екен?

Бірақ ол мұндай тағдырды планетаның ең данышпан екі халқымен: Эгей теңізі атырабындағы құрғақтық және теңіздік мәдениеттің иегері эллиндермен және Гималай таулары мен Үнді мұхиты аралығындағы үнділік тіршілік кеңістігінде, шамасы, немістер сияқты тым рухани босбелбеу, өзінің жер бетіндегі тіршілік пошымын сақтауға және қорғауға тым боркемік болған халықпен еншілесті.

Нақ осы нәрседе олардың жолы болмады: олар метафизикалық [яғни, философиялық] мағынадағы адамзаттың шекараларымен дөп келгенше сыртқа қарай барған сайын кеңейте түскісі келген болмыстың шекараларында жолы болмады, содан соң – мұның шамасын қалай табу керектігін олардың өздері де білмегендіктен – бұл істі аса қиындықпен, миллиондаған тайпаластарының және тіпті өмірде өз орындарын өздері белгілейтін еркін халықтардың келбетін қия отырып, басқалар жүргізді.

Герман ұлтының⁵ Қасиетті Рим империясында, македондық кезеңге дейінгі Элладада және ертегі туындылары секілді эллиндік мемлекеттерде⁶, Ашока⁷ империясының қалыптасуында және неғұрлым кейінгі Ұлы Моғолдар тұсында солай болған. Егер солардың ішіндегі ең ұлысы Акбар⁸ замандастары үшін Перикл⁹ мен Александр (Македонский)¹⁰, Ұлы Карл¹¹ және Фридрих Гогенштауфен¹² секілді “күдайдың жер бетіндегі көлеңкесі” болып көрінсе, олардың немерелері үшін-ақ олардың мемлекеттерінің ғасырлар барысына белгілеген шекаралары аспандағы бұлттай өткінші болды. Осындай жағдай Еуропаның кіндігінде өте берік болып көрінген Екінші Герман империясы¹³ күйрегеннен кейін Ішкі, немесе Орталық Еуропада қайталанды. Алайда Теобальд Фишер* 1900 жылдың өзінде оны эфемерлі деп атады, өйткені бірінші¹⁴ империя ғайып болғаннан кейін сенімді шекара немесе қандай да бір орнықты пошым қалмаған болатын, және заманының ірі қаламгері Шиллер¹⁵ ғасырдың аяғында нақ XVIII-XIX ғасырлардың тоғысында көргеніндей жан құлазытатын көріністі байқады.

Бірақ бұл бірінші (империя) ешқандай шамада таза Герман империясы емес еді, ол лүп еткен жел құған бұлттай жылжып өзгеріп отыратын шекарасы бар рим-герман ұлты еді. Бүгінде іс көптеген адамдар соншалық құштарлықпен тілеп һәм күтіп отырған жаңа, үшінші¹⁶ империяға қарай өрбіп келе ме, жоқ па, оны ешкім білмейді. Қалай болғанда да біз өмір сүріп жатқан қирандылар мен азап былығы империя атауына лайық емес: өйткені оның тек көлеңкесі мен өмір сүру құқығын құтқару туралы шағым ғана сақталған. Өйткені империяның ол өз күшімен қорғай алатын шекаралары болға тиіс!

Алайда Орталық Еуропада кеңістік пен уақытта үшінші империя нақты болмысқа айналуы үшін ол туралы түсінікті идеяны көз жеткізерлік пошымда және көрнекі белгіленген шекараларда ұдайы қолдап отыру қажет. Сондай-ақ, мүмкін

* Мына айтулы мақаланы қараңыз: Fisher Th. Das Deutsche Reich in seinen heutigen Grenzen: eine Eintagsfliede! Geographischtr Anreiger. Juctus Peter. Gota, 1900, №1. Осы жұмысты жазудың аса күшті сарындарының бірі сол мақала болды.

болғанынша, оның өмірлік пошымна сырттан енгізілген – мейлі ол табиғаттан алынсын, мейлі адам қызметінің, нәсілдік ырықтың және күш көрсетудің нәтижесінде белгіленген болсын – шекараларды негізделген мойындау және олардың өзгеретіндігін немесе тұрақтылығын анық түсіну қажет. Өйткені кез-келген пайдалы да тұрақты шекара – тек саяси шекара ғана емес, көптеген өмірлік құбылыстардың шекарасы ғой, және ол өздігінен–ақ төл тіршілік шарттарымен, азды-көпті кең жауынгерлік қимылдар жүргізетін өңірімен, алдыңғы алқабымен¹⁷ өзінің төл жер бедері бар тағы бір өмірлік пошымға айналады; шекара дегеніңіз ілуде бір ғана заңгер, құжаттармен жұмыс істейтін адам оп–оңай жүргізе салатын сызық бола алады, алайда оны табиғат пен өмірдің өзі жоққа шығарады, ал оларда мәңгілік өзгерісте болатын, кеңістікте үздіксіз орын ауыстырып отыратын пошымдағы тіршілік үшін күрестен¹⁸ асқан тұрақты ештеңе жоқ.

Бұл күрестің арена­сы – ең алдымен шекара, ол шын мәнінде өлі болғандықтан және өлген нәрсенің бәрін ысырып тастауға, ал әлі кәдеге жарайтынын жаңа өмірде пайдалануға ұмтылатындықтан тек қатып қана қалады.

Осылайша, шекараларды олардың географиялық және саяси мәні мен көрінісінде қарастыру әрекеті қажеттілік бойынша бізге адам тәжірибесімен¹⁹ бекітілген соңғы шепті қозғайды. Бұл ондай әрекетке – практикалық шекаралық жұмыс үшін теориялық даярлықтың мойындалған саяси қажеттілігімен қатар – мейлінше рухани және көркем тартымдылық береді. Осынау стимул болмаса, шекараның пайда болуындағы, тіршілік етуіндегі және ғайып болуындағы салмақсыз, есепке алуға көнбейтін, бірақ бәрібір шешуші, таза рухани сәтке лайықты бағасын беру мүмкін болмас еді. Ал мұндай перспективасыз шекараны танып-білуді таза материалистік [физикалық] география мен тарихи қарастырудың шалшығына саю әзәзілдігі пайда болар еді, бұл орайда Фауст тегеуріні өзек болған германдық мәдениет секілді мәдени шеңбердің шекарасын түсіну айырмашылықтың тігісін жатқызып жібермеуге тиіс.

Нақ орталық еуропалық көзқарас тұрғысынан қарастыру әрекетінің басты еліктіруші күші де, қауіптілігі де осындай болатын. Ендеше ол осынау алдын ала ескертумен бірге